

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



**«Қазіргі кезеңдегі азаматтық жоғары оқу орындағы әскери дайындық:  
тариҳы, тенденциялары және даму болашағы»  
атты II халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

---

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**  
II Международной научно-практической конференции  
**«Военная подготовка в гражданских вузах на современном этапе:  
история, тенденции и перспективы развития»**

---

**PROCEEDINGS**  
of the II International Scientific and Practical Conference  
**«Military training in civilian universities at the modern stage:  
history, trends and prospects of development»**

26 сәуір 2023 жыл

Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ**

**«Қазіргі кезеңдегі азаматтық жоғары оқу орындағы әскери дайындық: тарихы, тенденциялары және даму болашағы»  
атты II халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
II Международной научно-практической конференции  
«Военная подготовка в гражданских вузах на современном этапе:  
история, тенденции и перспективы развития»**

**PROCEEDINGS  
of the II International Scientific and Practical Conference  
«Military training in civilian universities at the modern stage: history,  
trends and prospects of development»**

**23 сәуір 2023, Астана**

**ӘОЖ 355:37.035.7**

**КБЖ 68.43я431**

**B 63**

Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрлігі

Л.Н. Гумилев атындағы ұлттық университеті

Әскери кафедра баспанага ұсынған

Ұйымдастыру комитетінің құрамы:

Ж.Д. Құрманғалиева, А.Б. Закирова, Е.Л. Уразов, А.В. Астанкевич, Н.Т. Мамбетов,  
С.Х. Канапъянов, Б.Р. Кожахметов, М.А. Когабаев

«Қазіргі кезеңдегі азаматтық жоғары оқу орындағы әскери дайындық: тарихы, тенденциялары және даму болашағы» атты II Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы = «Военная подготовка в гражданских вузах на современном этапе: история, тенденции и перспективы развития»: II Международная научно-практическая конференция = «Military training in civilian universities at the modern stage: history, trends and prospects of development»: The II International Scientific and Practical Conference – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҮУ, 2023. – 164 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

**ISBN 978-601-337-850-3**

Жинаққа конференцияға қатысушылардың азаматтық жоғары оқу орындарындағы әскери дайындық теориясы мен практикасының өзекті мәселелері бойынша баяндамалары кірді.

The proceedings include the reports of the conference participants on topical issues of the theory and practice of military training in civilian universities.

В сборник вошли доклады участников конференции по актуальным вопросам теории и практики военной подготовки в гражданских вузах.

**ISBN 978-601-337-850-3**

**ӘОЖ 355:37.035.7**

**КБЖ 68.43я431**

©Л.Н. Гумилев атындағы ЕҮУ, 2023

## ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ

ӘОЖ 378:355.233

**Е.Л. Уразов,**  
ЕҮУ әскери кафедрасының бастыры,  
Астана қ.

**А.В. Астанкевич,**  
техника және технологиялар магистрі,  
ЕҮУ, Астана қ.,  
[tyngyska@yandex.ru](mailto:tyngyska@yandex.ru)

### ЖОО ӘСКЕРИ КАФЕДРАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТ ЕТУІ МЕН ДАМУЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ БАҒЫТТАРЫНА ҚАТЫСТЫ КЕЙБІР КӨЗҚАРАС

**Аннотация.** Мақалада ҚР азаматтық ЖОО әскери кафедраларының заманауи даму бағыттары қарастырылған. Әскери кафедраның құрылымын әскери оқыту институты құрылымына көшіру жөніндегі ұсыныстар мен тұжырымдамалар ұсынылған.

**Түйінді сөздер:** әскери кафедра, әскери оқыту институты, әскери-патриоттық жұмыс.

Мен өз сөзімде еліміздің жоғары оқу орындарындағы әскери кафедраларының құрылымын дамытуға қатысты қозқарасымды білдіргім келеді.

Баршаңызға белгілі, 2020-2021 жылдары еліміздегі жоғары оқу орындарын түбекейлі қайта құру қажеттілігі туындағы.

Осы жұмыс барысында, бірқатар жоғары оқу орындары аттестаттау қорытындысы бойынша, білім беру лицензиясынан айырылды, ал кейбіреулері онтайландырылып қайта құрылды.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 2021-2025 жылдарға арналған даму стратегиясында оның «Ұлттық университет» мәртебесінен, әлемнің жетекші университеттерімен бәсекеге қабілетті бола алғын, «Ұлттық зерттеу университеті» мәртебесіне етуі жоспарланған болатын.

Сәті түсіп 2022 жылы Үкімет Қаулысымен университет осы мақсатқа қол жеткізіп, «Еуразия ұлттық зерттеу университеті» болып қайта құрылды.

Сонымен қатар, университеттегі басты өзгерістердің бірі – негізгі құрылымдық бөлімшелердің жоспарлы түрде Жоғары мектептер мен институттар мәртебесіне көтерілуі болып табылады.

Дәл осындай қайта құрулар басқа жоғары оқу орындарында да жүргізілуде.

Болып жатқан осындай елеулі және сапалық өзгерістер аясында, университеттің ғылыми және оқу үдерісіне ықпалдасу мақсатында, университеттің әскери кафедрасын «Әскери дайындық институты» етіп қайта құруға қатысты төмендегідей зерттеулер ұсынылады.

Бүгінгі танда әскери кафедра университеттің оқу құрылымдық бөлімшесі ретінде, оның биік беделіне сай болуға бар күш-жігерін салуда.

Алайда, әскери кафедраның ғылыми, ғылыми-зерттеу жүзеге асыруға, сондай-ақ зауыттарда әскери техника мен қару-жараптарды сынақтан өткізуге, әртүрлі деңгейдегі жаттығуларға қатысуға орасан зор мүмкіндігі бола тұра, оларды толыққанды іске асыра алмайды. Себебі ол бағдарламалардың әкімшісі болып табылмайды.

Әскери кафедраның әлеуеті осындай жұмыстарды басқа да күш құрылымдарында, компаниялар мен кәсіпорындарда да жүргізуге мүмкіндік береді.

Әскери кафедра ақылы курсарды, ҚР Қарулы Күштерінің офицерлерін, келісім-шарт бойынша әскери қызметшілері мен азаматтық қызметкерлерін оқытуды, колледждер мен

мектептер үшін алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімдерін даярлауды, сондай-ақ басқа да бірқатар сұранысқа ие қызметтерді тиімді және сапалы ұйымдастырып, өткізе алады.

Біздің ойымызша, әскери кафедраның қазіргі жағдайы тоқырауының негізгі себептерінің бірі – жоғары оқу орындары жүйесіндегі әскери кафедраның ескірген құрылымы.

Әскери кафедра жоғары оқу орынының дербес құрылымдық бөлімшесі және бағдарламаларының әкімшісі болып табылмайтындықтан, қолданыстағы ұйымдық-штаттық құрылымда қала берсе ауқымды тапсырмаларды орындауға мүмкіншілігі болмайтыны анық.

Әскери кафедраның қазіргі құрылымы Кенес одағының кезеңінде, өткен ғасырдың 1934 жылдары сол уақыттағы саяси және әскери міндеттерді жүзеге асыру мақсатында қабылданған. Ашығын айтуда керек, Қазақстан Республикасындағы қазіргі әскери дайындық сол өткен кезеңінен мұлде бөлек. Сондыктан әскери кафедраны заманауи мәселелерді шешуге қабілетті, жан-жақты ойластырылған, Әскери дайындық етіп қайта құру ұсынылып отыр.

Қайта құрудың мақсаты - әскери салада жаңа білім мен инновацияларды қалыптастыру, сол саладағы болып жатқан революциялық өзгерістерге сай болуға ұмтылу. Жоғары мектептермен, факультеттер және институттармен ықпалдастық жасай отырып алға жылжу, ғылыми-зерттеу жұмыстарын белсенді дамыту, жоғары білікті әскери мамандарды - мемлекет пен қоғамның болашақ қорғаушыларын дайындау.

Әскери дайындық институтының негізгі міндеттерін экранда слайдта көрсетілгендей етіп белгілеуге болар еді:

- мемлекеттік әскери оқытылған резервтің сұранысқа ие мамандықтары бойынша жоғары сапалы дайындық және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріндегі бастапқылауазымдарды алмастыру үшін әскери қызметшілерді қосымша даярлау;
- қоғам дамуының қазіргі кезеңіне сәйкес құрылған әскери-патриоттық жұмыс;
- әскери және әскери қауіпсіздік саласында ғылыми зерттеулер жүргізу;
- қызмет атқарып жүрген офицерлер мен келісімшарт бойынша әскери қызметшілердің біліктілігін арттыру;
- оқытушылық-профессорлық құрамының басқа да ақылы оқыту қызметіне мүмкіншілік беру.

Институттың құрылымға көшу Қазақстан армиясының әскери және әскери техникасын дамытатын инновациялық цифрлық технологияларға негізделген ғылыми-зерттеу қызметін ынталандыруға мүмкіндік береді.

Жоғарыда аталған міндеттерді негізге ала отырып, Әскери дайындық институтының төмендегідей құрылымы ұсынылады (Сур.1.).


Әрине, мемлекеттің әскери даярланған резервін дайындау - басты міндет. Ережелерге сай, Әскери институтты онда оқытын студенттердің саны 600 немесе одан көп болғандаған, құрған тиімді. Мысалы, бүгінгі таңда Еуразия ұлттық зерттеу университетінің Әскери кафедрасында 900-ден астам студент оқытылып, 17 әскери мамандық бойынша дайындық жүргізілуде. Әскери дайындық запастағы офицерлер бағдарламасымен қоса запастағы сержанттар бағдарламасы бойынша да жүргізіледі.

Сонымен бірге Институттың әскери-патриоттық жұмысы маңызды саланың бірі болып табылатыны сөзсіз.

Біздің ойымызша, ол келесі бағыттар бойынша жүргізілуі керек:

- жастарды әскери-патриоттық рухта тәрбиелеу;
- студенттерде көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру;
- идеологиялық жұмыс және ақпараттық қарсы іс-қимыл;
- психологиялық жұмыс;
- армия туралы ақпарат және имидждік іс-шаралар.

## Әскери оқыту институтының құрылымы



Сур.1. Әскери оқыту институтының құрылымы.

Әскери дайындық институтының қабырғасындағы әскери-патриоттық жұмыстар, жас үрпақ өмірінің заманауи шындығына бейімделіп жаңаша түрде жүргізу жоспарлануы қажет.

Оқінішке орай, соңғы жылдары жастармен әскери-патриоттық жұмыстың деңгейі ардагерлерді мереке күндері ғана құрметтеп, асығыс ұйымдастырылған кейір іс-шараларға анда-санда шақыруға дейін түсіп кетті. Ұйымдастырушылардан бір күн бұрын, кейде тіпті сол күні шақыру келген жағдайларға талай куә болдық. Бұл мұндай шаралардың есеп беру үшін ғана жүргізлетінің көрсетеді.

Біздің ойымызша, әскери-патриоттық тәрбие ісіне деген мұндай көзқарас зиянды және оған жол беруге болмайды. Сондықтан жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру ісіне түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, жүйелі түрде, жан-жақты қарau керек.

Инновациялық технологиялар мен желілік коммуникациялар дамыған заманда тәрбие жұмыстарының бұрынғы, ескі технологияларымен шектелуге болмайды. Біржактылықты, байсалды көзқараспен дәйекті түрде жеңіп, жоғарғы мысалда көрсетілгендей тәрбие беру мәселелерін ұйымдастырудың көз бояушылықтан арылу қажет.

Сол үшін, жастарды отансуйгіштік рухта тәрбиелеу, олардың бойына көшбасшылық қасиеттерді сіңіру жолындағы үлкен, салмақты жұмыстарға зейнетке шыққан Ардагерлерді белсене араластыру керек. Осында маңызды жұмысты олар жүргізбегендегі кім жүргізеді? Өз кезегінде, мұндай жұмыстарға студент жастар белсенді қатыспаса кім қатысады?

Бұғінгі ардагерлер көп нәрсеге қабілетті. Адамзат дамуының кейінгі көзқарастарына сәйкес 50-60 жас өте белсенді жас болып есептеледі. Ол өзінің баға жетпес тәжірибесіне сүйене отырып талай нәрсені жасай алады. Не істеу керектігін, оны қалай жасау керектігін анық біледі және білімімен сауатты бөліседі. Ал осынау алтын қорды - ардагерлерді жастар тәрбиесіне дұрыс пайдаланбаса, ол ақылсыздық болар еді.

Бұғінгі зейнеткерлердің көшпілігі өмір бойы үйреніп, білім алуға ұмтылатын Lifelong learning санатына жататын адамдар. Олар заманауи технологияларды менгерген, шет тілдерін жақсы біletін зияткер тұлғалар.

Осы айтылғандардан туындастын түйін, жастарды тәрбиелеу жұмысын бірін бірі толықтыратын екі негізге сүйене отырып ұйымдастырған абзал.

Біріншіден өз тәжірибесімен бөлісуге ниетті ардагер қоғам дамуына үлес қосады, есесіне өзінің сұранысқа ие екендігінен моральдық қанағат алады.

Екіншіден жастар өз кезегінде құрметті адамдармен рухани қарым-қатынастан көптеген пайдалы нәрселерді алғып, қалыптасып келе жатқан өмірлік ұстанымдарын зерделеп, өздерін қоғамға қызмет етуге дайындаиды. Біз осындай тәсілдің жемісті болатынына сенімдіміз.

Бүкіл Қазақстанды дур сілкіндірген қасіретті қантар оқиғасынан кейін Мемлекет басшысы, Үкімет, Қорғаныс министрлігі жастарды әскери-патриоттық рухта тәрбиелеу мәселесіне ерекше көңіл бөлуде.

«Жаңа Қазақстан» стратегиясын жүзеге асыру мақсатында бұл тақырыптың алатын орыны ерекше.

Жоғарыда аталған жағдайларды ескере отырып, институт әскери маманды сапалы дайындаумен қатар студенттерді белсенді азаматтық, адамгершілік ұстанымда тәрбиелеуге, олардың бойында еліміздің қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін қалыптастыруға да ерекше көңіл бөлуі керек. Бұл жұмыстар бүгінде қоғамда болып жатқан түбекейлі өзгерістерге сәйкес жан-жақты және мақсатты түрде жүргізуіңе тиісті.

Әскери дайындық институттың алдына қоятын маңызды міндеттерінің бірі студенттерді әскери дайындықтан өткізумен және әскери-патриоттық тәрбиелеумен қатар әскери салада, әскери қауіпсіздік бағытында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу.

Әскери кафедраны Институтқа айналдыру, оны бағдарлама әкімшісі етіп анықтау толыққанды ғылыми-зерттеу жұмыстарды жүргізуге, бірінші кезекте еліміздің Қорғаныс министрлігімен қатар, басқа да құқық қорғау органдары өткізетін конкурстарға қатысуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ оларға Жоғары мектептермен, институттармен және факультеттермен де бірлесіп қатыса алады.

Әскери кафедрада бұл жұмысты жүзеге асыру үшін талай мәрте жоғары деңгейдегі тендерлерге тікелей қатысқан, жоғары білімді және кәсіби біліктілігі биік профессорлық-оқытушылар құрамы бар. Өкінішке орай, олар қазіргі уақытта тек сыртқы ғылыми ұйымдар мен кәсіпорындарға негізгі емес кеңестік-сарапшылық, аналитикалық-талдау қызметтерін ғана көрсетумен шектеліп жүр.

Әскери институтта ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге болатын негізгі бағыттар келесі слайдта көрсетілген:

- ұрыс тәсілін өзгерту;
- роботты кешендер құру;
- ұшқышсыз ұшатын аппараттар;
- барлау құралдары;
- жасанды интеллект қолдану;
- криптология;
- киберқауіпсіздік
- геоақпараттық жүйелер және т.б.

Сондай-ақ, ҚР Қарулы Күштері қатарындағы офицерлер мен келісімшарт бойынша әскери қызметшілердің біліктілігін арттыру іс-шараларын жүзеге асыру да институттың негізгі міндеттерінің бірі болар еді.

ҚР Қарулы Күштерінде әскери білімнің әртүрлі салаларындағы мамандар бар. Бұл ретте қару-жарақ пен әскери техниканы жетілдіру мен жаңарту аясында жаппай енгізіліп жатқан соңғы цифрлық технологиялар әскери қызметшілерден жан-жақты білімді талап етеді. Мысалы цифрлық технологиялардың негіздері, бағдарламалық қамтамасыз ету және т.б.

Сондықтан институттың профессорлық-оқытушылық құрамы ҚР ҚҚ қатарында қызмет атақаратын офицерлер мен келісімшарт бойынша әскери қызметшілердің біліктілігін арттыруды аса өзекті тақырыптар бойынша жүргізе алар еді.

Бұл салада ұсынылатын негізгі бағыттар:

- әскерлерді геоақпараттық тұрғыдан қамтамасыз ету;

- киберқауіпсіздік;
- басқарудың автоматтандырылған жүйелерін ақпараттық (математикалық және бағдарламалық тұрғыдан) қамтамасыз ету;
- әскери журналистика;
- ақпараттық-талдау қызметі, т.б.

Көріп отырғанымыздай, қазіргі уақыт талабына сай Әскери дайындық институттың жұмыс істеуі - әскери кафедраға қарағанда анағұрлым тиімді.

### Құрметті әріптестер!

Қорытындылай келе ұсынылып отырған Әскери институттың міндеттері мен құрылымын зерделей отырып, мынадай қорытынды жасауға болады:

- студенттер санының артуы, сұранысқа ие жаңа әскери мамандықтар бойынша оқыту, әскери қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсарын ұйымдастыру, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу оқытудың негұрлым заманауи әдіс-тәсілдеріне көшуді, әскери кафедраның ескірген құрылымын қайта қарауды талап етеді;

- әскери кафедраны институт құрылымына көшіру үшін ең алдымен заңнамалық актілерге және басқарушылық құжаттарға өзгерістер енгізу қажет;

- әскери дайындық институттына көшу жоғары білікті, кәсіби дайындығы бар әскери ғалымдарды, генералдарды, офицерлерді және әскери тәжірибесі мол запастағы сержанттарды қосымша тартуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге әскери және әскери қауіпсіздік саласында ғылыми зерттеулерді нақты жүргізуге ықпал етеді, сол арқылы институт қызметкерлерінің конкурстарға белсенді қатысуына және университеттің қаржы ресурстарын көбейтүге жол ашады;

- институтты құру және сұранысқа ие әскери мамандықтар бойынша даярлау, талапкерлерге жоғары оқу орнын таңдау барысында қосымша тартымдылық беріп, университетке мектептер мен колледждердің үздік түлектерін іріктең алуға мұрындық болады.

### Пайдаланылған дереккөздері мен әдебиеттер тізімі

1. Токаев К.К. Выступление на заседании Мажилиса Парламента РК. Уроки «Трагического января»: Единство общества – гарантия независимости. 10 января 2022 г.
2. Военный энциклопедический словарь, Москва, изд. ОНИКС 2002 г. сс.276,591;
3. ЦЗИ Минкуй, Кун Сянхуа. Международный терроризм и борьба с ним. Пекин, изд. Учебное управление ВАНО, гл.1, с. 10-12;
4. Уразов Е.Л, Аманжолов К.Р, Муханбеткалиев К.С. На страже независимости Казахстана. Изд. Алматы «Білім», 2003г. с.155;
5. Бурнаев З.Р. Военные кафедры – центры военно-патриотического воспитания студенческой молодежи. Астана, 2018 г., с.113.

### Авторлар туралы

Еділ Лұқпанович Уразов, «Л.Н. Гумилев атындағы Евразиялық ұлттық университеті» КеАҚ әскери кафедрасының бастығы генерал-майор.

Алексей Владимирович Астанкевич, «Л.Н. Гумилев атындағы Евразиялық ұлттық университеті» КеАҚ әскери кафедрасының бастығының орынбасары, запастағы подполковник.

УДК 355.23:377

**Б.Р. Кожахметов,**  
PhD, полковник запаса, доцент,  
ЕНУ, г. Астана  
[bahyt.ryza@mail.ru](mailto:bahyt.ryza@mail.ru)